

Қонақтарды күту шығарып салу этикасы




Қонақ деген кім?



Қонақжайлылық

Қонақ – үйге келген мейман. Қонақ болу үшін таныс болу шарт емес. Ерте заманнан-ақ қазақ даласында әрбір жолаушы кезіккен қазақ үйінен қонақ асын – «бөлінбеген еншім» деп талап етуге ерікті болған. Халық аңызында бұл дәстүр Алаша ханның атымен тығыз байланысты. Алаша хан өзінің барлық мал-мүлкін тең етіп төртке бөледі де, үш бөлігін үш баласы – Ұлы, Орта, Кіші жүзге еншілікке береді, төртінші бөлікті қонақ сыбағасы болсын деп, үшеуіне ортақ меншік ретінде қалдырады. Қонақтардың қазақ үйінен қонақасын – «бөлінбеген еншім» деп талап етуге құқылы екендігінің сыры осы. Қазақ халқының әдеп-ғұрпы бойынша үйге келген адам ішке баса көктеп кірмейді, сырттан дауыстап, үйдегілерге белгі береді. Үйге келген қонақтың міндетті түрде орындайтын ең бірінші шарты шаңыраққа сәлем беріп кіру. Түсте келген қонаққа түстік, кешке келген қонаққа үй иесі қонақасы береді. Қонақтар жасының үлкендігі мен мәртебесіне сәйкес төрден есікке қарай орналасады. Үй иесі болмаса келген қонақ ұсынылған астан дәм татқан соң басқа, үй иесі бар отбасына барып түнейді. Қонақты үй иесінің өзі есікті ашып қарсы алады.



Қонақ күту, оны құрметтеу – қазақ даласында ежелден келе жатқан моральдық-этикалық қалып, қазақ тұрмысының айнымас шарты. Қонақжайлылық, қонаққа шақыру – өзіңдегі несібе, ризықпен бөлісу, қолыңнан келген құрметті, бақытты қайтарымсыз сыйлау. Бұл іс екі жақтың арасындағы татулықты нығайтады. Пейілі ақ әрі кең адамдардан ғана қонақжайлылықты күтуге болады. Қазақ «қонақпен бірге құт келеді», – деп сенген. Біздің ата-бабаларымыз қонаққа шақыруды да, оларды күтуді де, өздері қонаққа баруды да әрі жақсы көрген, әрі қызық, қуаныш санаған. Баяғыда бабаларымыз бір ауылға, бір үйге барғанында, қонақ күтетін отауға түспей тұрып сыртқа қару-жарағын қалдырып, үй ішіне қамшысын ұстаған қалпы кіретін еді. Қонақтың үйге қамшысын ұстап кіруінің себебі: қамшы тұрған жерде жын-шайтан болмайды. Қонақ таңдап қонған, оны қарсы алуға талас та туған. Қазақ қонақ құдайдан деп есептегендіктен, ақ батасын алып қалуды ырымдағаны мәлім.

Адамдардың арасындағы сыйластықты, бір-біріне деген құрмет пен қамқорлықты білдіретін, үй иесінің адамгершілігін, имандылығын айқындайтын ұлттық салт-дәстүріміз – қонақжайлылықтың негізгі белгілері бар. Олар: адамдарды тіліне, дініне, ұлтына бөлмей, құрметпен қарсы алып, достық ықылас көрсету, адал ас-дәмін ұсыну. Қазақ халқының қонақжайлылық қасиеті мен дәстүрі қай заманда да шетелдік саяхатшылар мен ғалымдарды қатты таңқалдырғаны тарихта жазылып қалған ақиқат. Этнографтардың, көнекөз қариялардың айтуынша, дәстүрлі қазақ қоғамында әкенің балаға қалдыратын мұрасының белгілі бір бөлігі міндетті түрде қонаққа тиесілі «енші». Қасиетті қазақ даласындағы кез-келген жолаушының кезіккен ауылдан тамақтанып, шөлін қандырып, тынығып алуына құдайы қонақ ретінде қақысы бар. Ал әрбір үй қонақты ақ пейілімен қарсы алып, сыйлап, құрметтеп шығарып салуға тиісті.



Қонақ күту әдебі

Қонақтың орны қашанда үйдің төрі. Қонақтар үйге сәлем беріп (шаңыраққа сәлем беріп) кіргеннен кейін қамшысы мен сырт киімін кереге басына іліп, аяқ киімін оң жақ босағаға шешіп, төрдегі жаюлы тұрған сырмақ үстіндегі көрпеге барып отыруға тиіс. Өзін таныстыруға асықпайды, үй ішіндегілер де оның аты-жөнін, жұмысын тергеп сұрамауға тиісті. Өйткені ол – көргенсіздік болып саналады. Келген қонақ аты-жөнін айтқанымен, жұмысын айтқысы келмесе, оны ешкім де жазғырмауға міндетті. Осы қонақтың үстіне сырттан тағы да қонақтар келіп қалса, жасы кішісі жасы үлкенге ығысып орын береді. Қонақ шөлдеп келсе, оған ең әуелі қымыз ұсынылады, сосын барып шәй, ас береді. Бойжеткендер шыны аяқты салдыратпай өте әдептілікпен шай құйып береді, қонақтардың әңгімесіне араласпайды, оларға тіктеп қарамайды, орынсыз ыржалақтап күлмейді. Мұның бәрі ежелгі заманнан бері қонақ шақырып күткенде бұлжытпай орындалатын әдептер. Қазақтар ұл-қыздарына қонақ күту әдебін жас кезінен бастап үйреткендіктен қонақжайлылық балалардың сана-сезіміне сіңіп, жүрегінен орын алған.

1 СЕНТЯБРЯ


Қонақ күту әдебі



Қонақжайлылық жыр шумақтарында:

Сырттан келген мейманға, Есік ашып енгізіп, Көрпе
Сәлем беріп, қол алсаң, төсеп құп алсаң,
Бірінші еткен құрметің. Үшінші еткен құрметің.
«Түсіңіз», – деп түс беріп, Мейман риза болмағы,
Шылбырына оралсаң, Құрметпен үйге қонғаны.
Екінші еткен қызметің.


Кешіктірмей шай берсең,
Ұмыт болар тоңғаны.
Тысқа шықса қария,
Қолында болсын
құмғаны.
Ірікпесең барыңды,
Қонақжайлық сол дағы.





Қонақты қарсы алу мен күту рәсімдері – қазақ халқының дәстүрлері қонақ күтумен байланысып жатыр. «Қонаққа «кел» демек бар» дегендей, той-думандатып өмір кешетін қазақ халқы қандай той болмасын қонағын шақырып, оны құдайындай сыйлаған. Келген қай қонақты болмасын ақ жарқын жүздерімен қарсы алып, дастарқандарын жайып, оған барын салып сыйлайды. Қонағы үйіне кіре бере, үй иелері амандасып болған соң келіндері мен қыздарына «төрге көрпеше жайыңдар» деп, қонақтың төрге шығуын өтінеді. «Қонағын сыйлаған төрге шық дейді» деген мақал да осыдан шықса керек. Жолы үлкен сыйлы қонақтарына аса ізгі ниетпен қарап, қой сойып, қазан асып, баптап күтеді. Әдетте қақ төрге жолы үлкен бас қонақ отырады. Жолы мен жасына қарай қалған қонақтар төр ағасының оңы мен солынан орын алады. Қонақ үстіне қонақ келсе жасы кіші қонақ жасы үлкенге ығысып орын береді. «Бұрынғы қонақтың соңғы қонаққа орын беруі» сонан қалған дәстүр.



A vibrant, cartoon-style illustration of a winter scene. In the foreground, a snowman sits on a sled being pulled by a penguin. To the right, another penguin is pulling a sled with a yellow gift box. In the background, a large, multi-tiered cake with a red and white striped awning sits on a table. The sky is filled with a pink and blue gradient, featuring a red kite, a blue bear-like creature holding a yellow balloon, and a cluster of colorful balloons (red, blue, green, pink) with a blue bear-like creature hanging from them. The overall atmosphere is festive and cheerful.

Қонақтарды сыйлау қазақ халқында шай құйып беруінен көрінеді. Шай құю жас келіндерге жүктеледі. Олар кеселерін ауыстырмай, сапырмай, қою ғана етіп құяды. Шай құюдың әр елде әр түрлі дәстүрі бар. Қазақ халқының қонақ күту дәстүрі ел-жұрт арасындағы ізгі қарым-қатынастарды нығайтады. Ағайын-туысқандардың арасындағы туысқандықтың мықты болуында, көрші-қоландардың алыс-берісіне, үлкенді-кішілі болып сыйласуына, өскелең ұрпақтың жастайынан көпшіл, мейірімді, үлкенді құрметтеп, кішіге қамқоршы болуды үйретудегі тәрбиелік мәні зор.

Қонақ түрлері

Қонақ келсе – құт.

Арнайы қонақ – әдейі шақырылған ағайын-туыс, дос-жаран, көрші-қолаң, құда-құдағи, сыйлы, құрметті кісілер.

Құдайы қонақ – шалғай елден, алыс жерден жолаушылап жүріп сапарында көлігі болдырып немесе жолдан адасып, шаршап, тынығу үшін қонған тосын, бөгде қонақ.

Қыдырма қонақ – үйден-үйді, ауылдан-ауылды кезіп, ерігіп желіккен, үлкенге сәлемшіл, кішіге баташыл, әжені аялап, жеңгені паналап, ағаға жол, ініге жел бергіш «кіріп-шық» кезбе қонақтарды осылай атайды.

Қылқыма қонақ – ауыл ішіндегі, үй аралығындағы түтіні түзу шыққан үйді торып, құлқынын тойдыру үшін қолына тигенін, аузына түскенін қылқытып жалмай беретін ашқарақ, ар мен ұятты белге буған тойымсыз, елеусіз қонақ.

Құтты қонақ – қазақ халқында: «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады», – деген нақыл бар. Бұл мейман келген кезінде түскен отбасында бір жақсылық, қуаныш болатын қонақ.


Ерулікті қонақ – қоныста отырған ауыл үстіне көшіп келген отбасын құрметтеп, ерулік асқа шақырылған қонақты осылай атайды.



Үйді қонағы билемесін десек



Кейде қонақтың бірі бәрін жайғастырып, отырғызып болғасын кештетіп бой көрсетуі мүмкін. Жаңа келуші отырғандарға таныс болмаса үй иесі дереу таныстырууы қажет. Бұл орайда ерлер орындарынан тұрса, әйелдер отыра береді. Рәуішті бас қосуда көтеріңкі көңіл күй мен жағымды ауан қалыптасуында үйдің немесе пәтердің жарық-қараңғылығы да рөл ойнайды. Бөлмені тым жарық ету жайлылықты білдірмейді. Айнала тым жап жарық болып кетпеуі керек. Осы ретте шырақтардың қабырғалық, перделік, үстелдік бірнеше түрін қолдануға болады. Балауыздар жағу да жағымды күй орната алады. Қысқасы, қараңы мен жарықтың арақатысы қожайынның талғамы мен кештің табиғатына байланысты.




Қалыптасқан дәстүр бойынша ер кісілер оң жағында отырған әйелге қызмет етеді. Алайда сол жақта отырған әйелді де ұмытпаған жөн, әсересе оған жанында қызмет көрсететін ең кісі болмаса. Дастарқан басында отырғанда қатты сөйлеудің, қатты күлудің қажеті жоқ, амандасу үшін стол үстінен қол созу да дұрыс емес, көршіге жаныңды беріп отырыңыз. Кейде мерекелік дастарқанда, басқа да жиын-той дастарқанында ыдыс-жабдықтардан көз тұнады, кейбіреулер қайсысын аларын білмей сасып қалады. Саспай, мұхият зерттеп қарасаңыз, бәрінің де қолданатын орны бар. Көпшілікке арналып, ортаға қойылған басытқыны сондағы ортақ қалақ, қасықпен алып, әркім өз тарелкасына салады.

Май, уылдырық т.б. тағамдарды осып өз пышағымен нанға жағады. Естеріңізде болсын алдыңыздағы тамақты тауысып жемей, сыпайылықты көрсету, ешқандай сыпайылыққа жатпайды, керек десеңіз, тамақтың ұнамағандығын көрсетіп, үй иесін ренжітесіз. Одан да тамақты өз салып асыңыз, не балмаса кейбір тағамнан мүлдем бас тартыңыз, бірақ дәмсіз екен жарамайды дегенді айтпай-ақ қойсаңыз да болады. Ал үй иесіне де ескертер жай, тағамдарды қонақтардың аузына тықпалай берудің қасиеті жоқ. Дастарқан басында тіс шұқу, тістің арасында тұрып қалған тағамды қолмен алу әдептілікке жатпайды.

Дыбыс шығармай, сораптамай ішіп-жеу дастарқан басында әдеп сақтаудың бірден-бір түрі. Тамақты қасықтың, шанышқының, пиаланың ұшынан ұстап сорып ішпеңіз. Сұйық тамақты ыстықтай ішуге де болмайды. Аузыңызды тамаққа толтырып алып сөйлеуге тырыспаңыз, тамақты алдыңғы тістеріңізбен шайнамаңыз, сондай-ақ екі ұртты толтырып шайнамаңыз – адамға тіпті де жараспайды.

Қонақты шығарып салу.

Қазақ халқының дәстүрі бойынша сырттан келген жолаушы рұқсатсыз үйге кірмеген. Ол үйдің сыртында тұрып: - Үйде кім бар? - деп сұраған. Содан соң оны қарсы алып, үйге кіргізеді. Қонақ аяқ киімін шешіп, үй ішіндегі адамдармен сәлемдеседі. Қонақ төрге отырады. Алдымен қымыз береді. Содан кейін шай береді. Қазақ елінде қонаққа деп әрқашан сыбаға сақтаған. Арнайы қонақ шақырғанда, сыйлы кісі келгенде қой сойған. Сыйлы қонаққа бас тартады. Кешке ауыл адамдары ән (ауылдың алтыауызын) айтады, содан соң қонаққа қолқа салып, ән (қонақ кәдені) айтқызады. Қонақ кетер алдында отағасы қонағынан келген жұмысын (бұйым-тай) сұрайды. Дәстүр бойынша қонақ үй иесінің аты, мылтығы мен итінен басқа кез келген затты сұрауына болады. Үй иесі қонағының қалауын береді де, "қош-сау болыңыз" деп шығарып салады.



Назарларыңызға рахмет!

